

*¹Тұрмахан Н.Ж.  ²Байгунаков Д.С. 

^{1,2} *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

E-mail: ¹ nurdau_99@mail.ru, ² dosbol_bs@mail.ru

АНТИКАЛЫҚ АВТОРЛАР ЕҢБЕКТЕРІ ТАРИХИ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР ТОҒЫСЫНДА (БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Батыс Қазақстан өңірі ерте темір дәуірінде көшпелі мәдениеттің ірі ошағы мен маңызды миграциялық дәліз болғандығы белгілі. Осы жерде мекендеген ерте уақыттағы тұрғындар тарихын жазба деректері мен археологиялық мәлімет көздері негізінде зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Мақаланың негізгі мақсаты – жазба деректері бойынша Батыс Қазақстан ерте темір дәуірі кезеңі бойынша талдау, археологиялық мәліметтермен салыстыра отырып жалпылау және жүйелеу. Зерттеу әдістері – тарихи принциптерге негізделген дәстүрлі археология, тарихнама мен деректану әдістері. Зерттеудің жаңалығы – антикалық авторлардың (Геродот, Страбон, Птолемей, Тацит, Марцеллин) қалдырған мәліметтер мен археологиялық, тарихнамалық зерттеулер (К.Ф. Смирнов, Д.А. Мачинский, А.С. Скрипкин, А.С. Балахванцев, М.Қ. Қадырбаев, Ғ.А. Кушаев және т.б.) бойынша салыстырмалы талдау жасалынды. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан аумағындағы ерте көшпелі тайпалардың орналасу жері мен көші-қон жағдайлары жаңаша қарастырылды. Мақаланың міндеттеріне савроматтар мен исседондардың орналасу аумағын анықтау, дайлар мен аорстардың көші-қон процесстерін қарастырып, сармат тайпалық одақтың құрылуын нақтылау болып табылады. Жұмыстың зерттеу нәтижесінде Батыс Қазақстан даласында ерте темір дәуірінде тек жалғыз ғана тайпаның мекендеген жері емес, сонымен қатар оңтүстік пен батысқа қарай бағытталған ірі көші-қон процесстердің негізгі аумағы болғандығын жазбаша, тарихи және археологиялық мәліметтер көзі арқылы қарастырылды.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR24993132-ОТ-24)

Кілт сөздер: Батыс Қазақстан, ерте темір дәуірі, сарматтар, дайлар, жазба деректер, антикалық авторлар, тарихнама

Кіріспе

Қазақстан батыс аумағы ерте темір дәуірі кезеңінде көшпелі мәдениеттің ошақтарының бірі болғандығын Ватикан және Батыс Еуропа елдеріндегі авторлардың еңбектерінен, археологиялық материалдардан нақты көруге болады. Ғылыми әдебиеттерге қарағанда бұл аумақ б.д.д. VI–IV ғғ. бастап ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасып дамуының алғашқы кезеңін қамтитын өңір болып саналады (Тұрмахан, Байгунаков, 2024). Аталып отырған аумақта бұл кезеңде ежелгі грек, ал кейіннен римдік тарихшылар мен географтар қолданған «сарматтар» жиынтық атауымен таныс көшпелілер мекен еткен. Зерттеушілердің пікірінше, сарматтар б.д.д. I мыңжылдықтан б.д. I мыңжылдығына дейін Еуразия даласында мекен еткен ірі тайпалық одақ болған (Таиров, 2023:133). Оны зерделеген мамандардың еңбектерінің арқасында бүгінгі күні археологиялық мәліметтер мен жазбаша деректердің нәтижесінде кең көлемді деректемелік қор да жинақталып отыр.

XX ғ. басында сармат мәдениеті археологиялық ескерткіштерінде зерттеу жұмыстары жүргізілу барысында олардың жазба деректердегі мәліметтері де қарастырыла бастады. Осы

орайда жазба деректер негізінде тарихи көріністі қайта жаңғырту мәселесі күн тәртібінде тұрды. Алғашқылардың бірі болып М.И. Ростовцев антикалық авторлардың соның ішінде эллиндік мәліметтерді өзінің еңбегінде бірінші бөлімінде жан-жақты талдап өткен болатын. Кейінгі зерттеушілер тарапынан сол кездері нақты қолдау болмағанымен, бұл еңбек жазба деректерге ғылыми талдау жүргізген бастапқы еңбек болып саналады (Ростовцев, 1925). Автор барлық антикалық ақпараттар легін жүйелендіруге, оларды бір ізге түсіруге ұмтылған еді. Осыдан кейінгі жарыққа шыққан еңбектерде антикалық авторлардың деректемелік мәліметтері көбіне шашыраңқы сипатта болып, мамандардың басым бөлігі жекелеген мәселелерге ғана тоқталып кетіп жатты.

Уақыт өте келе антикалық авторлар мәліметтерін өз кезегінде кәсіби тарихшылар мен лингвист-мамандар аудармасын жасап, алынған мәліметтердің қолдану аясын кеңейткен болатын. Осы орайда антикалық деректерді ең алғашқы аудармасын жасау В.В. Латышевтың есімімен байланысты деуге болады (Латышев, 1993). Оның аудармасын көптеген уақыт бойы тарихшы ғалымдар кеңінен қолданып келді. Кейін Г.А. Страновский (Страбон, 1964; Геродот, 1972), Ю. Кулаковский (Марцеллин, 1994) және т.б. зерттеушілердің аудармалары алғашқы антикалық деректерді жан-жақты талдауға септігін тигізген болатын. Олардың еңбектері басқаларына қарағанда толыққандылығымен сипатталынады.

Десе де жаңа зерттеулер легі ХХ ғ. екінші жартысынан өз бастауын алды. Әсіресе Қазақстан батыс өңірін мекендеген савроматтар, сарматтар жайлы деректемелік қор саралана бастады. Мәселен, алғашқылардың бірі болып сарматтарға байланысты зерттеулерді Д.А. Мачинский жүргізген еді (Мачинский, 1971; 1974). Ол жазба деректердің негізінде ерте темір дәуірі көшпелі тайпалары Еуразияның этникалық картасын өзгертуге тырысқан, антикалық әлеммен жақын байланыста болған деп көрсетеді. Археологиялық және жазбаша деректер негізінде Б.Н. Граков (Граков, 1947), К.Ф. Смирнов (Смирнов, 1964; 1984), В.П. Шилов (Шилов, 1975) өзінің еңбектерінде сарматтардың шығу-тегі мен этникалық құрамдарына байланысты алғашқылардың бірі болып сүбелі пікірлерін білдірді. Мұндай ізденістер ғылыми айналымға жаңа концептуалдық ойлардың қалыптасуына жол ашқан еді.

Кейінірек Батыс Қазақстан аумағын мекендеген тұрғындар жайында отандық мамандардың зерттеулері шыға бастады. Олардың басым бөлігі археологиялық мәліметтер негізінде өрбітілген ғылыми негізі жоғары басылымдар деуге болады. Жаңадан жинақталған археологиялық мағлұматтар ерте темір дәуіріндегі еліміздің батыс өңірі жайында жаңаша пікірлердің қалыптасуына себепкер болды да, аймақтағы байырғы тұрғындардың заттай және рухани мәдениетін кеңінен өрбітуге мүмкіндік берген еді. Мәселен, М.Қ. Қадырбаев (Қадырбаев, Курманкулов, 1976), Ғ.А. Кушаев (Кушаев, 1993), С.Ю. Гуцалов (Гуцалов, 2004) және т.б. археолог-мамандар осы мәселемен айналысып, деректік қордың кеңеюіне ықпал етті.

Жазба деректер мен археологиялық деректер негізінде талдаулар нәтижесі зерттеушілер тарапынан әртүрлі көзқарастардың қалыптасуына әкеліп соқты. Әртүрлі көзқарастардың орын алынуын батыс өңірлердің археологиялық тұрғыдан әлі толыққанды зерттеліне қоймағандығынан да хабардар етеді. Батыс Қазақстан аумағында жазба деректер негізінде ерте темір дәуірі кезеңінде мекен еткен тұрғындар бойынша мәліметтер археологиялық деректермен салыстырылып талдану нәтижесінде осылайша әртүрлі қорытындылар жасалынды. Олардың барлығы зерттеу жұмыстарын қажет етеді. Осыған байланысты мақалада Батыс Қазақстан ерте темір дәуірі кезеңі бойынша жазба деректер мен зерттеуші мамандардың сол бойынша тұжырымдары мен көзқарастары қарастырылады. Сол себепті зерттеудің негізгі мақсаты жазба деректері бойынша Батыс Қазақстан ерте темір дәуірі кезеңі бойынша тарихнамалық талдау жүргізіп, антикалық авторлар мен тарихшы, археолог мамандардың нақты тұжырымдары мен көзқарастарын жалпылау және жүйелеу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында дәстүрлі археология, тарихнама мен деректану ғылым салаларында қолданылатын әдіс-тәсілдер қолданылды. Және де мақала тарих саласында қолданылатын принциптерге негізделген. Зерттеушілер тарапынан жазба деректердің талдануы дискуссиялық сипатта болғандығын ескеретін болсақ, бұл мәселе толық шешімін таппағандығын көрсетеді. Осының негізінде тарихнамалық талдаулар жүргізіліп, мақала жазу барысында жалпы ғылыми әдістер, соның ішінде талдау, жалпылау және жүйелеу, синтез әдістері кеңінен қолданылып отырды. Әсіресе тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде жазба деректемелерінің өзара үйлесімділігі, заттай мәдениеттердің өзара байланысы сараланды.

Ең алдымен мақалада антикалық авторлардың Батыс Қазақстан ерте темір дәуіріне байланысты қалдырған мәліметтері дереккөзі ретінде таразыланды. Айта кету керек, еліміздің батыс өңірі ерте темір дәуірі тұрғындары бойынша біршама ақпараттар болғанымен, олардың басым бөлігі тек үзінді есебінде жүйесіз беріліп отырады. Сол себепті мақала жазу барысында негізгі кең ақпараттар берген антикалық авторлардың мәліметтеріне сүйеніп, деректанулық тұрғыдан олардың шығармаларына кеңінен назар аударылды. Бұл ең бірінші кезекте Геродот, содан соң Страбон, Тацит және т.б. авторлардың еңбектері. Сол себепті мақалада тақырыпқа сай көп мәліметтер қалдырған авторлардың еңбектері деректанулық тұрғыда кеңінен қарастырылып, негізгі тұжырымдары мен ойларына сипаттама жасалынды, сыныптамасы айғақталды. Бұл ретте деректанулық талдауға ғана басымдық беріліп қана қойған жоқ, сонымен қатар дереккөзінің ішкі және сыртқы сынына, сандық, мәтіндік, формулярлық, ретроспективті талдауларына да кеңінен ден қойылды.

Антикалық авторлар мәліметтерін қолдану барысында географиялық, топонимикалық және т.б. мәліметтері бойынша модельдеу, визуализациялау, картографиялық, статистикалық, т.б. талдауларға ерекше мән берілді. Мұндай пәнаралық әдістер көбіне жазбаша мәтін мен археологиялық деректерді өзара қабыстырып талдау жүргізген зерттеушілердің негізгі ойлары және тұжырымдарын саралауда кеңінен қолданылды.

Сондай-ақ мақала тақырыбына байланысты отандық және шетелдік авторлардың жазба деректеріне байланысты ғылыми монографиялары, мақалалары мен аударма кітаптарында қолданылған жалпығылыми әдістер кешені негізге алынды. Олар өркениеттілік, пәнаралық принциптер негізінде жүзеге асырылды. Тарихнамалық тұрғыдан алғанда дереккөздерді екі топқа бөлініп қарастырылды. Біріншісі, зерттеу нысанына байланысты антикалық авторлардың негізгі мәліметтері. Ал екінші топта, жазба деректер мен археологиялық мәліметтер негізінде жүргізілген ғалымдардың зерттеулері болып табылады. Бұлардың барлығын өзара байланыстыра зерделеудің өзегі тарихнамалық талдаудың методологиялық регулятивтері болғандығын да айта кеткен абзал.

Талқылау

Жоғарыда аталып өткен жазбаша деректер бойынша бірнеше ғалымдар ғылыми талдаулар жүргізген болатын. Олар әрбір тарихи мәліметті ішкі және сыртқы сыннан өткізіп, тарихи шынайылығын анықтауға ұмтылды. Мысалы, М.И. Ростовцев алғашқылардың бірі болып оңтүстік Орал аумағындағы көшпенділерді Европалық скифтермен және оңтүстік Сібірмен шығу-тектерін байланыстырған. Зерттеуші антикалық деректерде Страбон, Геродот, Полиней, Псевдо-Скимн және т.б. адамдардың еңбектеріне талдау жүргізген болатын. Ол аталған антикалық деректердегі Сарматия, сирмат, сармат атаулары зерттеушінің пікірінше бір тайпаға қолданылған деген болжам жасады (Ростовцев, 1925). Мұның өзі сарматтарға қатысты терминологиялық алшақтықтарды жойып, бір ізге түсіруге жол ашты.

Белгілі зерттеуші Б.Н. Граков Геродоттың савроматтар жайында сипаттамасы негізінде төменгі Волга маңы мен Оңтүстік Орал маңы аумағында б.д.д. I мыңжылдықта савроматтар мекендеп, кейін оларды сарматтар алмастырған деген тұжырым жасады. Мұндай көзқарас әлі күнге дейін отандық және шетелдік тарихнамада кеңінен үстемдік құрып келеді. Жазбаша деректемелерді талдауды кейіннен К.Ф. Смирнов қарқынды дамытып, савроматтардың

археологиялық ескерткіштеріндегі ерекшеліктерді жіктеп көрсетуге талпынды, савромат-сармат нысандарының арасынан белгілі бір топты бөліп қарастыруға ұмтылды. Зерттеуші Самара-Орал мен Төменгі Еділде орналасқан савроматтардың ескерткіштерінде екі түрлі ірі тайпалық одақ болғандығын атап өтті. Және де ғалым олардың этникалық құрылымдары бөлек деген қорытынды жасады. Кейін Оңтүстік Орал маңында прохоров мәдениетінің өкілдерін алмастырған тұрғындарды «протоорстар» деп атады (Граков, 1947: 83). Алайда мұндай гипотеза басқа зерттеушілер тарапынан біршама сынға ұшырады. Алғашқыда Д.А. Мачинский (Мачинский, 1972), кейінірек В.П. Шилов (Шилов, 1975), т.б. жазбаша деректерге өзіндік талдау жүргізе отырып Оңтүстік Орал маңында скиф дәуірінде исседондықтар мекендеген деген пікір айтты.

Өз кезегінде Д.А. Мачинский Геродоттың жазбаларын негізге ала отырып, оның жүріп өткен қозғалыс бағытына аса назар аударды. Осының негізінде Д.А. Мачинский б.д.д V ғ. ортасында исседондарды Орал жотасының оңтүстік және оңтүстік-батысқа қарай Орал өзені аумағына орналастыру керектігін атап өтті. Бүкіл жазбаша материалдарды саралай келе ғалым исседондар б.д.д. IV - б.д. I ғ. аралығында нақты бір деректерде кездеспейді деген қорытынды жасады. Жазба деректердегі б.д.д. IV ғ. аяғы мен б.д.д. III ғ. басы Еуразия даласы мен орманды-дала аумақтарында өзерістер кезеңі болғандығын зерттеуші жоққа шығара қоймады (Мачинский, 1971: 41). Ғалым жазбаша мәтіндер мен археологиялық материалдарды өзара қабыстырып, осындай тұжырымдар мен пайымдар жасаған еді.

Кейінірек жоғарыда айтып өткен ғалымның ойы Ғ.А. Кушаев тарапынан қолдау тапты. Дегенмен зерттеуші Танаистен Оралдың арғы жағына дейінгі аумақты савроматтар мекендеді деген оймен келіспей, далалық Орал маңында исседондардың мекендегенін атап өтті. Ол антикалық деректер мен археологиялық мәліметтер негізінде далалық Орал маңында б.д.д. VII-V ғғ. исседондар, ал б.д.д. IV ғ. - б.д. VI ғ. сарматтар мекендеді деген қорытындыға келді (Кушаев, 1993: 59). Ал Орал маңында орналасқан б.д.д. VII-V ғғ. «савроматтар» ескерткіштері Орталық Қазақстандағы тасмола мәдениеті «исседондар» ескерткіштерінен айырмашылығы бар деген қорытынды жасады. Олардың тек қыш құмырасы, ат әбзелдері, қолданбалы өнер заттарымен ұқсастықтары байқалатындығын тілге тиек етті.

Осы орайда археолог М.Қ. Қадырбаевтың тасмола мәдениеті мен далалық Орал маңы археологиялық ескерткіштерімен өзара байланысы болғандығын атап өткен жөн (Қадырбаев, 1984: 92). Яғни, қазіргі батыс өңір мен бүгінгі Орталық Қазақстан аймақтарын ерте темір дәуірінде өзара туыстас, өмір салты мен тұрмыс-тіршілігі ұқсас халықтар мекендегендігі археологиялық материалдар негізінде нақты тұжырымдалған еді.

Уақыт өте келе кейінгі зерттеулерінде К.Ф. Смирнов өзінің идеясын қайта қарап бірнеше өзгерістер енгізген болатын. Мысалыға ол савроматтардың Самара-Орал ауданының тек солтүстік-шығыс жағында ғана исседондықтар мекендеуі мүмкін екендігін айтып өтті. Оның айтып отырған аймағы қазіргі Орал (Жайық) өзенінің жоғарғы жағы болып табылады. Бұл болжам олардың жерлеу ғұрыптық және материалдық мәдениеті негізінде айтылған еді (Смирнов, 1977: 131-134). К.Ф.Смирновтың ендігі кезекте өз ойларын археологиялық материалдар негізінде өрбіткендігі байқалады.

Сарматтардан басқа ежелгі халықтардың осындай географиялық ареалын көрсету бойынша пікірлер де зерттеушілер тарапынан айтылды. Әсіресе дайлар жайлы бірнеше пікірлер бар. Айталық, К.Ф. Смирнов географиялық атауларды талдау барысында Орал өзенін Даик (қазақша Жайық) деген атаумен антикалық авторлардың қолданылуында болғандығын нақты аңғарған болатын (Смирнов, 1977: 136). Олардың орналасуына байланысты келесі кезекте А.С. Скрипкин археологиялық және жазбаша деректерге талдау жүргізе білді. Зерттеуші дайлар б.д.д. IV ғасырда Оңтүстік Орал маңында өз бақылауларын жүргізуі мүмкін деген болжамға келді. Аталып отырған тайпаның маусымдық көші-қондары Каспий маңы ойпаты мен Арал өңіріне дейін жеткен деген ойды да айтты. Сонымен қатар, дайлардың бір бөлігі әртүрлі уақыттарда Орталық Азияның басқа да аймақтарында бақылау жүргізіп немесе

оларды иеленуі мүмкін болғандығын атап өтті (Скрипкин, 2017: 44-46). Мұның өзі белгілі бір уақыттарда аталып отырған тайпаның саяси күшке айналып, белгілі бір территорияларды игергендігін аңғартады.

Сонымен қатар, А.С. Скрипкин өзінің кейінгі зерттеулерінде савромат кезеңіне жататын Оңтүстік Орал ескерткіштері мен жазба деректеріндегі сәйкестіктің болмауын атап өтті. Яғни толыққанды ол аумақта исседондықтардың болуына күмәнмен қарады. Мысалы, исседондар жайында алғашқы мәліметтер б.д.д. VII ғ. кездеседі, ал савромат кезеңіне сәйкес ескерткіштер б.д.д. VI ғ. екінші жартысынан бастап кездесетініне назар аударды.

Өзінің соңғы еңбектерінде ғалым жазба деректемелеріндегі «сармат» этнонимі жайында айтып өткен болатын. Теофрат, Антигон, Калимах және т.б. антикалық авторлардың «Сарматия» деген аумағын талдай келіп, сарматтардың б.д.д. III ғ. басы немесе б.д.д. II ғ. ортасынан бастап осында тіршілік еткен деген болжам айтты. Олар Дон өзені шығыс бетінде орналасып, Еділ-Жайық далаларына дейінгі аумаққа қоныстанды деп көрсетті. Айта кететін бір жайт, бұл аймақтарда ерте сармат (прохоров) мәдениетін қалдырған сарматтық тайпалар кеңінен таралған болатын. Ерте сармат мәдениетінің белгілері біздің дәуірімізге дейінгі уақытқа шейін сақталып келген. Зерттеуші дәл осы уақытта аталған территорияда сарматтар бастаған көшпелі тайпалық бірлестік құрылады деген қорытынды жасады (Скрипкин, 2021: 89). Мұның өзі сарматтардың негізгі өзегі болған аймақты нақты көрсетеді.

Автор сонымен қатар, б.д.д. II ғ. бірінші жартысы немесе ортасында миграциялық процесстер нәтижесінде Оңтүстік Орал маңынан бастап Днепр өзеніне дейінгі аралықта жаңа тайпалар: аорс, сирак, роксолан, кейінірек – язиги, аландар пайда болғандығын атап өтті. Ол жазба деректерде сармат кей жерде савромат атауымен берілген деген пайым жасады. Сармат тайпалық одағының құрылуы нақты емес болғандықтан, ғалым олардың толыққанды құрылуын б.д.д. IV-III ғғ. немесе б.д.д. III ғ. басында орын алған деп санады. Бір шетінен бұл уақыт сармат атауымен белгілі көшпелі одақтың болған кезі болып табылады. Антикалық авторлар оларды савроматтар деп атай берген, себебі, олардың көзқарасында олар сол аумақта мекендеген түбі бір халық болған (Скрипкин, 2021: 90). Зерттеуші алғашқылардың бірі болып савроматтар мен сарматтардың бір этнос екендігін дәлелдеуге тырысты.

Келесі бір зерттеуші А.С. Балахванцев жазба деректер негізінде дахтардың орналасуына байланысты өзіндік пікірін ұсынды. Ғалым А. Македонский уақытындағы Орталық Азия аумағындағы дахтардың мекен етуі ықтимал өңірлерді атап, оларды белгілі бір археологиялық ескерткіштер тобымен байланыстырып көрді. Оның пікірінше: Бұхара Соғдысы, Хорезм және Атрек өзені орта ағысы дахтардың сол жағалауындағы шеткі өңірлері болып табылады. Автор сол аумақтарда археологиялық тұрғыдан ортақ белгілері бар катакомбалы қорған асты жерлеу орындарының болуы негізінде осындай қорытындыға келген еді.

Одан басқа да археологиялық нысандарға назар аударды. Мәселен, Соғды мен Оңтүстік Арал маңында катакомбалардан бөлек, жанама қабір шұңқыры және адам басын оңтүстікке қаратып жерлеу дәстүріне назар аударды. Бұл дәстүрдегі археологиялық ескерткіштер Орталық Азия аумағында б.д.д. IV ғасырда пайда болғандығын атап өтті. Автор Оңтүстік Орал маңы прохоров мәдениеті мен Орталық Азия дахтарының жерлеу ғұрыптары мен материалдық мәдениеттері ұқсас екендігін өзара тарихи-салыстырмалы талдаулар нәтижесінде нақты көрсетті. Осындай ұқсастықтардың болуын тілге тиек ете отырып, Оңтүстік Орал аумағындағы прохоровтықтар оңтүстікке қарай жылжып Орталық Азияға көшіп барған деген қорытынды жасады. Бұл көші-қон процесі б.д.д. IV ғасырда орын алуы мүмкін деп тұжырымдады (Балахванцев, 2005: 64-67). Өйткені зерттелінген археологиялық нысандар материалдары осы мерзімге сәйкес болған-ды.

Кейінгі зерттеулерінде А.С. Балахванцев осы мәселелерді қарқынды түрде қарастыра түседі. Зерттеуші дахтардың Орталық Азияда тарихындағы ерекше орын алғандығын атап өтеді де, олардың орналасуына байланысты бірнеше тұжырымдар жасайды. Автор бұрынғы ойларын толықтарып ендігі кезекте дахтардың Хорезмнің солүстік аумағында, Бұхара мен

Самарқандық Соғды мен Атрек өзендері аумағында б.д.д. IV-II ғғ. орналасқанын нақтылап кетті. Олардың жерлеу ғұрыпында жекелеген обаларда катакомбалы, жанама немесе топырақты шұңқырда жерленіп, басы оңтүстікке қаратылуына ерекше мән берді. Қабір шұңқырынан алынатын қару-жарақтар, қола айналар мен ғұрыптық заттарды негізгі маркер есебінде көрсетіп, заттық мәдениетін жіктеп шықты. Жалпылама түде оның ойын былай қорытындылауға болады: дахтардың алғашқы миграциясы Оңтүстік Оралдағы Оркс өзенінен бастау алып (Ново-Кумакский қорымы негізінде), оңтүстікке қарай жылжып отырған, олардың қоныс аударуы стратегиялық маңызға ие болған және де Хорезм мен Соғды жерлеріне орналасуы келешектегі саяси маңызды аумақты иемденуге деген талпынысын көрсетеді (Балахванцев 2016: 15-16). Сайып келгенде, саяси гегемонияға деген ұмтылыс дах мәдениетінің Орталық Азия аудандарына кеңінен таралуына жол ашты деуге болады.

Шығыстанушы И.В. Пьянков Орталық Азияның этникалық тарихы бойынша жазбаша деректермен жұмыс жасаған белгілі мамандардың бірі болып саналады. Ол антикалық авторлардың еңбектері негізінде Орталық Азия аумағында тіршілік еткен бірнеше халықтардың мекендеген аймақтарын зерделеп, сүбелі қорытындылар жасаған ғалым болып табылады. Дайлардың (дах) орналасуы бойынша қызықты пайымдар жасаған шығыстанушы Меотиданы (Азов теңізі) Арал теңізі деп те таныды да, дайлардың бір тобы оңтүстікке қарай жылжып, кейінірек Парфияның негізін қалағанын атап кетті. Бұл миграциялық үдеріс б.д.д. III ғ. ортасында Парфияның негізін қалаған Аршакидтер әулетімен байланыстырылды. Шығыстанушы пікірінше дайлардың екінші тобы б.д.д. II ғ. ортасында батысқа қарай жылжып Каспий теңізінен Төменгі Танаис (Дон) өзені аралығына дейін жетеді. И.В. Пьянков оларды аорстардың тобы деп атаған. Зерттеушің айтуынша ол жанама және катакомбалы жерлеу мен адам қаңқасы басы оңтүстікке бағытталуымен байланыстырған. Ол қытай жазбалары мен Птолемейдің мәліметі негізінде б.д.д. III-II ғғ. аралығында аорстар Батыс Арал маңынан бастап Орал (Жайық) өзеніне дейінгі аумақта мекендеді деген қорытындыға келді. Сонымен қатар, И.В. Пьянков айтуынша аорстар мен дахтар бір орталықтан шыққан, бірақ кейін жан-жаққа көшкен тайпалар деп болжам жасады (Пьянков, 2004: 214-217). Бірнеше деректемелерді тереңінен талдап, қисынды пайымдаулар жасаған шығыстанушы И.В. Пьянков ойлары өзінің нақтылығымен, фактологиялық дәлелдемелерінің қуаттылығымен сипатталады.

Археолог В.П. Шилов та антикалық авторлар мен археологиялық мәліметтерді ұштастыра білген мамандардың бірі болып табылады. Ол көптеген тарихи сауалдарға қатысты археологиялық және жазбаша деректер негізінде салыстырмалы талдаулар жүргізген мамандардың бірі саналады. Әсіресе ол Төменгі Волга маңы мен Оңтүстік Орал маңына ерекше мән берді. Оның пайымдауынша: аталған екі аумақта иран тілді туысқан тайпалар тіршілік еткенімен олар екі түрлі саяси одақта өмір сүрген. Волга-Дон даласында Геродот айтқан савроматтар тайпасы тіршілік еткен, олардың арасында жоғарғы аорс, жоғарғы сирак пен қарапайым аорс және сирак сармат тайпалары бар. Ал Оңтүстік Орал маңында исседондар ұрпақтары мекендеген. Сонымен қатар, зерттеуші бұл аумақта аорс пен сирактар өмір сүрмеген деген қорытындыға келді (Шилов, 1975: 135). Екі аумақтың жерлеу ғұрыптарының ұқсастығын ғалым исседондардың кішігірім тобы Волга-Дон даласына келіп жергілікті тұрғындармен араласуымен байланыстырды. Яғни, ерте темір дәуіріндегі миграциялық үдерістер аталған өңірлердегі тайпалардың тағдырында елеулі орын алған деуге болады.

Тарихшы әрі археолог Н.Е. Берлизов сарматтар мен Орталық Азияның байланысы жайында өзіндік пікірін ұсынды. Ең ерте уақыттардағы ескерткіштер Ағыншы, Қасқажол және де жерлеу-ғұрыптық Байте ескерткіштері деп қарастырды. Автордың пайымдауынша: ерте сармат мәдениеті Хорезмнің сол жағалауы мен Арал маңында б.д.д. IV ғ. бастап кездеседі. Зерттеуші Кіші Кир мен Артаксеркс II арасындағы б.д.д. V-IV ғғ. әскери қақтығыста сарматтар жалдамалы әскер қатарында болғандығы жайында пікір айтты, олардың заттық кешендеріне Орал маңы археологиялық ескерткіштеріндегі табылған бұйымдарды жатқызып, оны негізгі дәлел ретінде ұсынды. Сонымен қатар, б.д.д. III ғ. Азияның далалық аумағында

демографиялық өсім болуына байланысты аталған этностың бір тобы оңтүстікке қарай жылжығандығын айтты. Ол дай-апарн тайпасы Арсақтың бастауымен Парфияны жаулап алып, жаңа династия құрған деген қорытындыны қолдады. Солтүстік Бактрияда б.д.д. II-I ғғ. кейінгі прохоровтық кезеңге жататын қанжарлар, айналар мен тоғалар анықталды. Антикалық авторлардың мәліметтеріне сүйене отырып аталған аумақта аси сарматтары мекендегендігін, ал тохарлардың (юэчжи) мұнда тіршілік етуі неғыбайыл екендігін дәйектеді (Берлизов, 2014: 37-38). Зерттеушінің пайымдамалары археологиялық және жазбаша дереккөздерімен толықтай қабысады деуге болады.

Соңғы жылдары шыққан кейбір зерттеулерде де біршама тың ойлар айтылып келеді. Мысалы, Р.Х. Сулейманов дахтар мен сарматтардың көші-қон жолдарына талдау жүргізіп, бұрын айтылған ой-пікірлерді бір ізге түсірді. Зерттеушінің айтуы бойынша миграциялық үдерістер кезінде бірнеше мәдени өзгерістер орын алып отырған. Ғалым тарапынан айтылған қызықты мысалдардың бірі – дахтардың мәдениетінде орталық орынды алатын «Аждара» айдаһары. Және де ол аталған бейнеге қатысты мифология Арал-Каспий аумағынан Қара теңіз маңының батыс аумағына дейінгі аралықта таралған деген пікірді айтады. Орталық Азия мен Оңтүстік Орал маңында үлкен дахтар мен сарматтардың мәдениеті орнығып, олардан қалған архитектура, нумизматика және мифология сынды тарихи-мәдени мұралар мұнда үлкен мәдениет ошағы болғандығын айғақтайды деп қорытындылайды (Сулейманов, 2021: 73).

Сайып келгенде, антикалық жазбаша ескерткіштер мен археологиялық мәліметтерді өзара байланыстырған ғылыми тұрғыдағы зерделеу жұмыстары өзінің оң нәтижесін берді деуге болады. Екі қомақты деректемелік қор бірін-бірі толықтырды, бұрын белгісіз болып келген бірқатар жайттарды нақтылады және келешекте зерттелінуі тиіс ғылыми көкжиектерді де айқындап отыр. Келешектегі ізденістерде пәнаралық зерттеу жұмыстарына ерекше мән беріліп, бірқатар ғылым салаларының (генетика, палеоантропология, т.б.) мәліметтерін де ғылыми айналымға тартқан абзал деген ойдамыз.

Зерттеу нәтижелері

Антикалық кезең авторларының ерте темір дәуіріндегі (бүгінгі Батыс Қазақстан аймағындағы) тұрғындарына байланысты деректемелері үзік-жарық немесе көбіне үзінді түріндегі қысқаша ақпараттар легінен тұрады. Алайда әртүрлі кезеңде өмір сүрген авторлар өз шығармаларында қазіргі Қазақстанның батыс өңірін жайлаған сарматтар дәуірі немесе сармат кезеңі бойынша бірнеше құнды мәліметтер қалдырғандығы әлемдік және отандық тарихнамада айтылып келеді. Сарматтар туралы өз шығармаларында мәлімет қалдырған авторлар қатарына Геродот, Страбон, Птолемей, Тацит, Марцеллин және т.б. антикалық ғұламаларды жатқызуға болады. Осы орайда олардың еңбектеріне шолу жасай отырып, негізгі келтірген мәліметтеріне азды-кемді тоқталып кеткен ләзім.

Мәселен, географиялық Сарматия атауы ертеректе б.д.д. IV-III ғғ. немесе III ғ. басында жазылған Теофрастың еңбегінде кездеседі. Оның мәліметтерінің негізінде Сарматия Скифиямен көршілес жатқан. Екеуі бір деңгейлес аумақ ретіндегі мәлімет ретінде қолданылған. Бірақ та нақты Сарматияның орналасу жері жайында мәлімет қалдырмаған (Скрипкин, 2017: 172). Оның шығармасы кейіннен басқа авторлар еңбектерінде біртіндеп толға түскенін де байқаймыз.

Мысалы, алғашқылардың бірі болып Геродот сарматтардың орналасуына байланысты мәлімдеме жасады. Оның «Тарих» атты еңбегінің Төртінші кітабында Скифияның шығыс шекарасына жақын аумақтарды мекен еткен деген біршама нақтырақ дерек келтіреді. Танаис (Дон) өзені арғы жағында Скифия аяқталған соң, сарматтардың жері басталатынын атап өтті. Олардың аумағы он бес күнге солтүстікке созылып, ешқандай ағаш өспейді деп сипаттама келтірді (Геродот, 1972: 192). Геродот еңбегіндегі ағаш өспейді деген мағынаның шөлейтті аймақты аудандарды, далалық өңірлерді меңзейтіндігі анық.

Мұны Страбон да жанама түрде қолдайды. Оның шығармасында Танаис өзені арғы жағындағы жерлер суық және шөлейтті болғандықтан толық белгілі емес деп көрсетіледі (Страбон, 1972: 96).

Сонымен қатар Геродот өз кезегінде Солтүстік Қара теңіз аумағынан исседондар жеріне дейінгі сауда жолын сипаттай отырып, олардың көршілес халықтармен шекарасын айқындады. Геродоттың мәліметі бойынша исседондар батысқа қарай биік таулардың етегінде орналасып, скифтердің сауда жолының соңғы аймағы деп көрсетіледі. Исседондарды скифтерше киінетін, ерекше тілде сөйлейтін скиф әлемінің бөлігі ретінде қарастырған. Орналасқан аумағына қарай қазіргі зерттеушілер Орал тауларына іргелес жатқан далалық аймақтарда мекендеген деген тұжырымды айтты (Геродот, 1972: 193). Исседондықтардың географиялық орналасуына қатысты пікірде Геродот тағы бір маңызды мәлімет келтіреді. Массagetтер Аракс (Әмудария) өзені бойында исседондарға қарама-қарсы, шығысқа қарай күннің шығыс бағытында өмір сүреді деп көрсеткен.

Атақты географ Страбонның тағы бір мәліметінде дайлар жайлы егжей-тегжейлі сипаттама келтіріледі. Ол солтүстік Азияны екі бөлікке бөліп қарастырып, біріншісін Танаис өзені (Дон) мен Каспий (Гиркан) теңізі аралығы деп көрсетеді. Бұл аралықтарда Страбонның айтуынша скифтер немесе сарматтар мекендеген. Ол Азияның екінші бөлігінде көшпелі дай-парндар орналасқанын да атап өтті. Дайлар мен Гиркан аумағы арасында үлкен шөлді аумақ жатқанын айтады. Дайлардың бір бөлігі Парфияға шабуылы кезінде үлкен шөлді аумақты кесіп өткен деген мағлұматты да айтып кеткен (Страбон, 1964: 474).

Дайларды Страбон жалпылама шығыс скифтер тобына жатқызады. Олардың сан жағынан көптігін атап өтіп, Каспий теңізінен бастап дайлардың мекені басталады деген қорытынды жасады. Сонымен қатар, олардың шығыс жағында массagetтер мен сақтар мекендегенін айтты.

Әлемдік тарихта дай-парнның құрамынан Парфияда билік етуші әулеттің негізін салған Арсак шыққан деген болжам жасады. Дай-парндар Парфияны жаулап алған кезде Страбон оларды Меотида маңында тұратын ксанфийлер немесе парийлер деп аталатын дайлардан шыққан қоныс аударушылар деп сипаттайды. Алайда, бұл пікірдің көпшілікке танымал емес екендігін де атап өткен (Страбон, 1964: 371).

Осы аумақ жайында Страбоннан кейін Птолемейдің еңбектерінен кездестіреміз. Сарматтардың Азиялық бөлігі бойынша мәліметтерді ол саударгерлердің жол жазбасынан алған деген пікір бар. Волга өзенінен бөлек, Птолемей солтүстік Каспий маңындағы бірнеше өзендер жайлы мәліметтер береді. Әсіресе Орал (Даиск) өзені мен оның жанында орналасқан кіші өзендер жайлы айтып өтеді (Гаркавец, 2005: 340).

Антикалық авторларды қызықтырған тағы да бір мәселелердің бірі мұндағы халықтардың ғұмыры мен күнедікті қаракеті болды. Қазіргі Батыс Қазақстан аумағында ерте темір дәуірінде тіршілік еткен көптеген халықтар олардың назарына ілігіп отырды. Мысалы жоғарыда есімі аталған географ Страбон роксолан және басқа сармат көшпелі тайпалары киізбен қапталған өгіздер сүйрейтін арбада тұрып, ет пен сүт беретін ірі қара малдың табындарын ұстады деген мәлімет келтіреді. Сонымен қатар автор олар көбіне етпен қоректеніп, жылқы еті мен қышқыл немесе балғын жылқы сүтін пайдаланған деп көрсетеді де, олардың жайылымдағы табындардың соңынан еріп, жаңа жайылым жерлерге қоныс аударып отырғандығын баяндайды. Страбон сарматтардың мезгілдік миграциясына ерекше назар аудара білді. Ол сарматтар қыста Азов теңізіне, ал жазда далалық жазық аудандарға көшіп отырады деген мәлімет келтіреді (Страбон, 1964: 373). Яғни, антикалық автор сарматтар отырықшы өмір салтын құптамай көшпелі өмір салтына машықтанғанын атап өтті. Көшпеліліктегі мезгілдік миграцияны зерттеу ісінде Страбонның қалдырған мәліметтері өте құнды деп бағалауға болады.

Сармат және өзге де халықтардың тыныс-тіршілігі басқа авторлардың шығармаларында кездеседі. Алайда көпшілігі олардың көшіп-қонып жүргендігімен ғана шектеледі.

Антикалық және одан кейінгі дәуірдегі авторларды шекаралық аймақтар, көне халықтар орналасқан ендіктер, белгілі бір географиялық нысандар мен түрлі этностардың жай-күйі, т.б. мәселелер де қызықтырды. Мысалы, атақты Птолемей Азия бөлігінде орналасқан сарматтардың шекарасын шығысында Каспий теңізі батыс жағалауы мен Еділ өзенімен өтетінін атап өтті. Азиялық Сарматияның шығыс бөлігін сипаттауда ол 85-45 градус ендіктегі иінге дейін созылып, одан әрі меридиан сызығымен солтүстікке белгісіз жаққа дейін жалғасқан деген пікір айтады. Дегенмен, Птолемейдің жазбаларына сүйенсек, Азия Сарматиясының шығыс шекарасы толығымен Еділді бойлап өткен: алдымен өзеннің төменгі ағысымен, содан кейін өзеннен белгілі бір қашықтықта меридиан бойымен солтүстікке қарай созылып жатыр. Ал Жайық (Даик) өзені азиялық сарматтар аумағына кірмеген. Птолемей Азия Сарматиясының шығыс шекарасынан әрі қарай Скифияны орналастырған. Страбон да Азияның екінші бөлігінде, яғни бұғаз бен Каспий теңізінен шығысқа қарай «шығыс скифтері» өмір сүрген деп есептеген. Оның айтуынша, бұл көшпелі халықтардың иелігі Шығыс теңізі мен Үндістанға дейін созылып жатқан (Гаркавец, 2005: 342). Бұл пікір қазіргі уақытта айтылып жүрген скиф әлемі туралы тұжырымдарға сәйкес келеді. Көпшілік мамандар Еуразияның далалы аумақтарында, Дала өркениетінің негізінде скиф-сақ мәдениеті жатқандығын тілге тиек етіп, қазақ сахарасы мен онымен іргелес өңірлердің негізгі тұрғындары скифтекес (скифоидные – *авт.*) халықтар болғандығын құптайды.

Ал Рим тарихшысы Аммиан Марцеллин бұрынғы массагеттер немесе ертедегі массагеттер деген атаумен сармат тайпасы құрамындағы аландарды атаған. Олардың барлығы ұзын бойлы және келбетті келген деп сипаттама келтіреді. Сондай-ақ, олардың көзқарастары қарсыластарына қорқыныш сезімін ұялатып, соғыс пен қауіп-қатерлерден рахат алады деп келтіреді. Қоғамдық құрылысы жайында римдік тарихшы аландарда құлдар болмаған, және де олар текті жерден шыққан деген көзқарас келтіреді. Сонымен қатар А.Марцеллин аландар өздерінің көршілес жатқан халықтарды бағындырып, парсылар секілді өздерінің атын сол аумаққа таратқан деп те көрсетеді. Ол аландардың кең-байтақ аумақты иеленіп, саны көп ірі халықтармен қатар тұрғандығын атап өткен. Сондай-ақ тарихшы ғұндардың келуін сипаттап оларды қозғалмалы және ешкімге басын иемейтін, тонауға құныққан халық деп атайды. Олар жорықтарын тонаумен жалғастырып ұзақ уақыттан кейін аландардың жеріне оралатындығын атап өтті (Марцеллин, 1994). Римдік тарихшы келтірген қомақты деректемелік қорға қарағанда, аландар мекендеген аумақтың біраз бөлігін ғұндар иемденіп, оларды өздерінің құрамына кіріктіре бастағандығын да аңғаруға болады.

Қазіргі Батыс Қазақстан өңірінде ерте темір дәуірінде орын алған бірқатар әскери жорықтар да антикалық авторлардың назарынан шет қалмағандығы байқалады. Әскери жорықтар жайлы бірқатар мәліметтерді Тациттің еңбектерінен көреміз. Ол сарматтар жекпе-жек соғыстарда аса қатты батылдық танытпайды, олардың жаяу әскері нашар соғысады деп көрсетеді. Автор сонымен қатар олардың қаруланған атты әскеріне қарсы тұру өте қиын екенін де атап өтті. Мұз бен сулы жерлерде сармат жауынгерлерінің ұзын найзалары мен қылыштары қауқарсыз болып, астындағы аттары ауыр сауыттар мен жердің тайғақтығы негізінде құлап отырды деп айтады Тацит өзінің шығармасында (Тацит, 1969). Әсіресе сарматтардың құрамындағы роксоландар жайында Тацит көп мәліметтер келтіреді. Мысалыға, оның мәліметінше: б.з. 69 ж. роксоландар Мезияға екінші жорығын жасайды, олар бір жыл бұрын жорықтары сәтті аяқталып, осы жылы тоғыз мыңдық атты әскерімен тонаушылық жорығын жүргізген. Тацит айтуынша, римдіктерге ауа-райы қолайлы болып, осы жорықта ұйымдасқан түрде роксоландарға қарсы тұра білген. Ерте көктемнің келуі мен роксоландардың аттары жұмсақ қарға батып, нәтижесінде роксоландар ауыр жеңіліске ұшырайды (Тацит, 1969: 300). Мұны автор сипаттап жазып, сарматтық тайпалар жайында тағы да бірқатар мәліметтерді атайды. Оның жазбаларынан сарматиялықтардың әскери өнері ғана емес, басқа да жайттар (саяси, халықаралық қатынас, т.б.) кездестіруге болады.

Сайып келгенде, антикалық авторлар қазіргі батысқазақстандық өңірдегі ерте темір дәуірінде тіршілік еткен халықтар мен тайпаларды сипаттаған кезде бірінші кезекте қолдағы мәліметтерге сүйенді, кейде олардың еңбектерінен толықтай тексерілмеген мағлұматтар да кездеседі, мәлімет мардымсыздығынан кейбір авторларда өзге этностарға шынайы баға бере алмай жату да байқалады. Мұндай бір-біріне кереғар мағлұматтардың орын алуы заңды құбылыс: біріншіден, жер шалғайлығы; екіншіден, негізгі ақпараттарды берген тұлғалардың мәліметтеріне дәйекті талдаулардың жасалмауы; үшіншіден, жекелеген антикалық авторлардың этностар тілін, мәдениетін, т.б. хабарсыз болу, т.б.

Қорытынды

Ертедегі антикалық авторлардың жазбалары мен бүгінгі археологиялық зерттеулерді кешенді талдау Батыс Қазақстан ерте көшпелілер тарихын жаңғыртуға толық мүмкіндік береді. Ерте уақытта Батыс Қазақстан аумағы бір ғана тайпаның мекені болмаған. Әрбір кезеңде осы аумақта сармат тайпаларымен қоса исседондар, дайлар және т.б. тайпалармен байланысы нәтижесінде көптеген этностар мекендеген. Антика дәуірі авторлары олардың географиялық орналасу жерлерін Еділ, Жайық өзендері және Каспий мен Арал теңіздерінде жалпылама көрсетсе де, бұл тарихи шындыққа негізделіп айтылған.

Негізгі мәліметтерді қалдырған Геродот пен Страбонның жазбаларын К.Ф. Смирнов, Д.А. Мачинский, А.С. Скрипкин және тағы басқа ғалымдар саралай келе, археологиялық зерттеу нәтижелерімен байланыстыра білді. Осының негізінде Оңтүстік Орал, яғни Батыс Қазақстан аумағы ерте темір дәуірі кезеңінде ерте мәдени ошақтардың қалыптасу аумағы болғандығы нақты дәлелденіп отыр. Сонымен қатар А.С.Балахванцев, И.В.Пьянков сынды ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйенсек Батыс Қазақстан даласы ірі көші-қон үдерістерінің негізгі дәлізі қызметінде болған деуге келеді. Осы аумақтан шыққан тайпалар оңтүстікке және батысқа қарай жылжып Еуразия даласы тарихына тікелей ықпал жасаған. Оның саяси, мәдени және экономикалық үдерістеріне өзіндік ықпалын тигізген. Ғылыми жұртшылық тарапынан сармат және савромат этнонимдерінің қолданылу аясы, мән-мағынасы, семантикасы түрлі пікірталастар тудырып та келеді. Алайда бұл мәселе арнайы қарастыруды, жеке сауал ретінде көтеруді қажет етеді.

Көтерілген тақырып бойынша жазылған негізгі ғылыми әдебиеттер б.д.д. IV-III ғ. Еділ-Жайық далаларында ірі сармат тайпалық одағының толық құрылғанын дәлелдейді. Алайда бүгінгі күнгі тарихнамалық ізденістерге сүйенер болсақ олардың қалыптасуы мен мерзімдеме мәселесі толыққанды шешімін таппай отыр, мұндай жайттарды тарихи талдаудан өткізу қажеттілігі де байқалады, сонымен қатар көтерілген сауалдар легінің болашақтағы зерттеулерге мұрындық болары да сөссіз. Сондай-ақ ерте темір дәуіріндегі халықтардың одан кейінгі түркі кезеңімен байланысы, өзара тарихи-генетикалық кірігу үдерістері, ерте орта ғасырлар кезеңіндегі ерекшеліктер, т.б. мәселелер де келешекте қарастырылғандығы абзал. Әсіресе Ватикан, Қытай, Батыс Еуропа елдеріндегі түркі кезеңіне қатысты шығармаларды тауып, ғылыми айналымға енгізген жөн. Сонда ғана толыққанды әрі бірегей ғылыми туындыларды қалыптастыруға мүмкіндік арта түседі деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

Балахванцев, 2005 – *Балахванцев А.С.* Среднеазиатские дахи в IV–II вв. до н.э.: происхождение, хронология и локализация // Центральная Азия от Ахеменидов до Тимуридов: археология, история, этнология, культура: Материалы Междунар. науч. конф., посвящ. 100-летию со дня рождения А.М. Беленицкого (Санкт-Петербург, 2–5 ноября 2004 г.). / Отв. ред. В.П. Никоноров. СПб., 2005. С. 64–67.

Балахванцев, 2016 – *Балахванцев А.С.* Среднеазиатские дахи в IV–II вв. до н.э. // Российская археология. 2016. № 1. С. 11–24.

- Берлизов, 2014 – *Берлизов Н.Е.* Сарматы и Средняя Азия // Сарматы и внешний мир: Материалы VIII Всероссийской (с международным участием) науч. конф. «Проблемы сарматской археологии и истории», Уфа, ИИЯЛ УНЦ РАН, 12–15 мая 2014 г. / Отв. ред. Л.Т. Яблонский, Н.С. Савельев (УАВ. Вып. 14). Уфа, 2014. С. 30–39.
- Гаркавец, 2005 – *Гаркавец А.Н.* Великая Степь в античных и византийских источниках: Сборник материалов / Сост. и ред. А.Н. Гаркавца. Алматы: Баур, 2005. 1304 с.
- Геродот, 1972 – *Геродот.* История в девяти книгах / Перевод и примечания Г.А. Стратановского. Отв. ред. С.Л. Утченко. Л.: Наука, 1972. 600 с.
- Граков, 1947 – *Граков Б.Н.* Пережитки матриархата у сарматов // Вестник древней истории. М.: АН СССР, 1947. № 3. С. 100–121.
- Гуцалов, 2004 – *Гуцалов С.Ю.* Древние кочевники Южного Приуралья VII–I вв. до н.э. Уральск: Полиграфсервис, 2004. 136 с.
- Кадырбаев, 1984 – *Кадырбаев М.К.* Курганные некрополи верховьев р. Илек // Древности Евразии в скифо-сарматское время. М.: Наука, 1984. С. 84–93.
- Кадырбаев, Курманкулов, 1976 – *Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К.* Захоронения савроматского воина на левобережье р. Илек // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата, 1976. С. 137–156.
- Кушаев, 1993 – *Кушаев Г.А.* Этюды древней истории Степного Приуралья. Уральск: Диалог, 1993. 171 с.
- Латышев, 1993 – *Латышев В.В.* Известия древних писателей о Скифии и Кавказе. Т. 2. СПб.: Фарн, 1993. 291 с.
- Марцеллин, 1994 – *Марцеллин А.* Римская история. СПб.: Алетейя, 1994. 567 с.
- Мачинский, 1971 – *Мачинский Д.А.* О времени первого активного выступления сарматов в Поднепровье по данным античных письменных источников // АСГЭ. 1971. Вып. 13. С. 30–54.
- Мачинский, 1974 – *Мачинский Д.А.* Некоторые проблемы этногеографии восточно-европейских степей во II в. до н. э. – I в. н. э. // АСГЭ. 1974. № 16. С. 122–125.
- Пьянков, 2004 – *Пьянков И.В.* Некоторые спорные вопросы «Этногеография Турана» – полемика археолога с филологом? // Вестник древней истории. 2004. № 4. С. 213–224.
- Ростовцев, 1925 – *Ростовцев М.И.* Скифия и Боспор. М.: Российская Академия истории материальной культуры, 1925. 621 с.
- Скрипкин, 2017 – *Скрипкин А.С.* Сарматы. Волгоград: Изд-во ВолГУ, 2017. 293 с.
- Скрипкин, 2021 – *Скрипкин А.С.* К определению содержания этнонимов «савроматы» и «сарматы» // Нижневолжский археологический вестник. 2021. Т. 20. № 1. С. 82–102.
- Смирнов, 1964 – *Смирнов К.Ф.* Савроматы. Ранняя история и культура сарматов. М.: Наука, 1964. 381 с.
- Смирнов, 1977 – *Смирнов К.Ф.* Савроматы и сарматы // Проблемы археологии Евразии и Северной Америки. М.: Наука, 1977. С. 129–139.
- Смирнов, 1984 – *Смирнов К.Ф.* Сарматы и утверждение их политического господства в Скифии. М.: Наука, 1984. 184 с.
- Страбон, 1964 – *Страбон.* География в 17 книгах / Перевод, статья и комментарии Г.А. Стратановского. М.: Наука, 1964. 940 с.
- Сулейманов, 2021 – *Сулейманов Р.Х.* Следы дахо-сарматского культурного наследия в Древнем Туране и Древней Руси // Археология, этнография и антропология Евразии. 2021. Т. 49. № 3. С. 60–74.
- Таиров, 2013 – *Таиров А.Д.* Властители степей: сарматы (кочевники Южного Урала в I тыс. до н. э.) // Звезды истории ЮУрГУ: публичные лекции профессоров ЮУрГУ / отв. ред. Н.П. Парфентьева. Челябинск: Издат. центр ЮУрГУ, 2013. С. 133–144.
- Тацит, 1969 – *Тацит К.* Сочинения. В 2 томах / Отв. ред. С.Л. Утченко. Л.: Наука, 1969. 370 с.

Тұрмахан, Байгунаков, 2024 – Тұрмахан Н., Байгунаков Д. Батыс Қазақстан ерте сармат мәдениеті қалыптасуының кейбір // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. 2024. Т. 11629. № 4. С. 211–219.

Шилов, 1975 – Шилов В.П. Очерки по истории древних племён Нижнего Поволжья. Л.: Наука, 1975. 208 с.

References:

Balakhvantsev, 2005 – *Balakhvantsev A.S. Sredneaziatskiye dakhi v IV–II vv. do n.e.: proiskhozhdeniye, khronologiya i lokalizatsiya* [Central Asian Dahae in the 4th–2nd centuries BC: origin, chronology and localization] // *Tsentrallyaya Aziya ot Akhemenidov do Timuridov: arkheologiya, istoriya, etnologiya, kul'tura: Materialy Mezhdunar. nauch. konf., posvyashch. 100-letiyu so dnya rozhdeniya A.M. Belenitskogo (Sankt-Peterburg, 2–5 noyabrya 2004 g.)* / *Otv. red. V.P. Nikonorov. SPb., 2005. P. 64–67. (in Rus).*

Balakhvantsev, 2016 – *Balakhvantsev A.S. Sredneaziatskiye dakhi v IV–II vv. do n.e. [Central Asian Dahae in the 4th–2nd centuries BC]* // *Rossiyskaya arkheologiya. 2016. № 1. P. 11–24. (in Rus).*

Berlizov, 2014 – *Berlizov N.Ye. Sarmaty i Srednyaya Aziya [Sarmatians and Central Asia]* // *Sarmaty i vneshniy mir: Materialy VIII Vserossiyskoy (s mezhdunarodnym uchastiyem) nauch. konf. «Problemy sarmatskoy arkheologii i istorii», Ufa, IY aL UNTs RAN, 12–15 maya 2014 g.* / *Otv. red. L.T. Yablonskiy, N.S. Savel'yev (UAV. Vyp. 14). Ufa, 2014. P. 30–39. (in Rus).*

Garkavets, 2005 – *Garkavets A.N. Velikaya Step' v antichnykh i vizantiyskikh istochnikakh: Sbornik materialov [The Great Steppe in ancient and Byzantine sources: Collection of materials]* / *Sost. i red. A.N. Garkavtsa. Almaty: Baur, 2005. 1304 p. (in Rus).*

Gerodot, 1972 – *Gerodot. Istoriya v devyati knigakh [History in nine books]* / *Perevod i primechaniya G.A. Stratanovskogo. Otv. red. S.L. Utchenko. L.: Nauka, 1972. 600 p. (in Rus).*

Grakov, 1947 – *Grakov B.N. Perezhitki matriarkhata u sarmatov [Survival of matriarchy among the Sarmatians]* // *Vestnik drevney istorii. M.: AN SSSR, 1947. № 3. P. 100–121. (in Rus).*

Gutsalov, 2004 – *Gutsalov S.Yu. Drevniye kochevniki Yuzhnogo Priural'ya VII–I vv. do n.e. [Ancient nomads of the Southern Urals in the 7th–1st centuries BC]. Ural'sk: Poligrafservis, 2004. 136 p. (in Rus).*

Kadyrbayev, 1984 – *Kadyrbayev M.K. Kurgannye nekropoli verkhov'yev r. Ilek [Kurgan necropolises of the upper reaches of the Ilek river]* // *Drevnosti Yevrazii v skifo-sarmatskoye vremya. M.: Nauka, 1984. P. 84–93. (in Rus).*

Kadyrbayev, Kurmankulov, 1976 – *Kadyrbayev M.K., Kurmankulov Zh.K. Zakhoroneniya savromatskogo voina na levoberzh'ye r. Ilek [Burials of a Sauromatian warrior on the left bank of the Ilek river]* // *Proshloye Kazakhstana po arkheologicheskim istochnikam. Alma-Ata, 1976. P. 137–156. (in Rus).*

Kushayev, 1993 – *Kushayev G.A. Etyudy drevney istorii Stepnogo Priural'ya [Sketches of the ancient history of the Steppe Urals]. Ural'sk: Dialog, 1993. 171 p. (in Rus).*

Latyshev, 1993 – *Latyshev V.V. Izvestiya drevnikh pisateley o Skifii i Kavkaze. T. 2 [News of ancient writers about Scythia and the Caucasus. Vol. 2]. SPb.: Farn, 1993. 291 p. (in Rus).*

Martsellin, 1994 – *Martsellin A. Rimskaya istoriya [Roman History]. SPb.: Aleteyya, 1994. 567 p. (in Rus).*

Machinskiy, 1971 – *Machinskiy D.A. O vremeni pervogo aktivnogo vystupleniya sarmatov v Podneprov'ye po dannym antichnykh pis'mennykh istochnikov [On the time of the first active appearance of the Sarmatians in the Dnieper region according to ancient written sources]* // *ASGE. 1971. Vyp. 13. P. 30–54. (in Rus).*

Machinskiy, 1974 – *Machinskiy D.A. Nekotoryye problemy etnogeografii vostochno-yevropeyskikh stepy vo II v. do n. e. – I v. n. e. [Some problems of ethnogeography of the Eastern*

European steppes in the 2nd century BC – 1st century AD] // ASGE. 1974. № 16. P. 122–125. (in Rus).

P'yankov, 2004 – *P'yankov I.V.* Nekotoryye spornyye voprosy «Etnogeografiya Turana» – polemika arkheologa s filologom? [Some controversial issues "Ethnogeography of Turan" - a polemic between an archaeologist and a philologist?] // *Vestnik drevney istorii*. 2004. № 4. P. 213–224. (in Rus).

Rostovtsev, 1925 – *Rostovtsev M.I.* Skifiya i Bospor [Scythia and Bosphorus]. M.: Rossiyskaya Akademiya istorii material'noy kul'tury, 1925. 621 p. (in Rus).

Shilov, 1975 – *Shilov V.P.* Ocherki po istorii drevnikh plemyon Nizhnego Povolzh'ya [Essays on the history of ancient tribes of the Lower Volga region]. L.: Nauka, 1975. 208 p. (in Rus).

Skripkin, 2017 – *Skripkin A.S.* Sarmaty [Sarmatians]. Volgograd: Izd-vo VolGU, 2017. 293 p. (in Rus).

Skripkin, 2021 – *Skripkin A.S.* K opredeleniyu sodержaniya etnonimov «savromaty» i «sarmaty» [On determining the content of the ethnonyms "Sauromatians" and "Sarmatians"] // *Nizhnevolskiy arkheologicheskiy vestnik*. 2021. T. 20. № 1. P. 82–102. (in Rus).

Smirnov, 1964 – *Smirnov K.F.* Savromaty. Rannyya istoriya i kul'tura sarmatov [Sauromatians. Early history and culture of the Sarmatians]. M.: Nauka, 1964. 381 p. (in Rus).

Smirnov, 1977 – *Smirnov K.F.* Savromaty i sarmaty [Sauromatians and Sarmatians] // *Problemy arkheologii Yevrazii i Severnoy Ameriki*. M.: Nauka, 1977. P. 129–139. (in Rus).

Smirnov, 1984 – *Smirnov K.F.* Sarmaty i utverzheniye ikh politicheskogo gospodstva v Skifii [Sarmatians and the establishment of their political dominance in Scythia]. M.: Nauka, 1984. 184 p. (in Rus).

Strabon, 1964 – *Strabon*. Geografiya v 17 knigakh [Geography in 17 books] / Perevod, stat'ya i kommentarii G.A. Stratanovskogo. M.: Nauka, 1964. 940 p. (in Rus).

Suleymanov, 2021 – *Suleymanov R.Kh.* Sledy dakho-sarmatskogo kul'turnogo naslediya v Drevnem Turane i Drevney Rusi [Traces of Dahae-Sarmatian cultural heritage in Ancient Turan and Ancient Rus] // *Arkheologiya, etnografiya i antropologiya Yevrazii*. 2021. T. 49. № 3. P. 60–74. (in Rus).

Tairov, 2013 – *Tairov A.D.* Vlastiteli stepey: sarmaty (kochevniki Yuzhnogo Urala v I tys. do n. e.) [Rulers of the steppes: Sarmatians (nomads of the Southern Urals in the 1st millennium BC)] // *Zvezdy istorii YuUrGU: publichnyye lektsii professorov YuUrGU / otv. red. N.P. Parfent'yeva*. Chelyabinsk: Izdat. tsentr YuUrGU, 2013. P. 133–144. (in Rus).

Tatsit, 1969 – *Tatsit K.* Sochineniya. V 2 tomakh [Works. In 2 volumes] / Otv. red. S.L. Utchenko. L.: Nauka, 1969. 370 p. (in Rus).

Turmakhan, Baygunakov, 2024 – *Turmakhan N., Baygunakov D.* Batys Kazakstan erte sarmat madenieti kalyptasuynyn keybir [Some of the formation of the early Sarmatian culture of Western Kazakhstan] // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriya. Filosofiya*. 2024. T. 11629. № 4. P. 211–219. (in Kaz).

¹Турмахан Н.Ж.² Байгунаков Д.С.

^{1,2} Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
E-mail: ¹ nurdau_99_99@mail.ru, ² dosbol_bs@mail.ru

ТРУДЫ АНТИЧНЫХ АВТОРОВ НА СТЫКЕ ИСТОРИЧЕСКИХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИЗЫСКАНИЙ (ПО МАТЕРИАЛАМ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА)

Аннотация. В эпоху раннего железа Западный Казахстан был крупным очагом кочевой культуры и важным миграционным коридором. Исследование истории древних обитателей этого региона на основе письменных источников и археологических данных является

актуальной проблемой. Главная цель статьи – анализ эпохи раннего железного века Западного Казахстана по письменным источникам, а также обобщение и систематизация путем сопоставления с археологическими данными. Методы исследования – методы традиционной археологии, историографии и источниковедения, основанные на исторических принципах. Научная новизна исследования заключается в проведении сравнительного анализа сведений античных авторов (Геродот, Страбон, Птолемей, Тацит, Марцеллин) и археологических, историографических исследований (К.Ф. Смирнов, Д.А. Мачинский, А.С. Скрипкин, А.С. Балахванцев, М.К. Кадырбаев, Г.А. Кушаев и др.). Кроме того, по-новому рассмотрены ареал расселения и условия миграции ранних кочевых племен на территории Западного Казахстана. В задачи статьи входит определение территории расселения савроматов и исседонов, рассмотрение миграционных процессов дахов и аорсов, а также уточнение процесса формирования сарматского племенного союза. Результаты исследования с помощью письменных, исторических и археологических источников доказывают, что в эпоху раннего железа степи Западного Казахстана были не просто местом обитания одного племени, но и являлись ключевой территорией крупных миграционных процессов, направленных на юг и запад.

Благодарность: Статья выполнена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Ранняя и средневековая история, культура Тюркского мира по новым уникальным материалам Ватикана и стран Западной Европы» (индивидуальный регистрационный номер: BR24993132-ОТ-24).

Ключевые слова: Западный Казахстан, ранний железный век, сарматы, дахи, письменные источники, античные авторы, историография.

¹Turmakhan N.Zh. ²Baigunakov D.S.

^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹ nurdau_99_99@mail.ru, ² dosbol_bs@mail.ru

WORKS OF ANCIENT AUTHORS AT THE CROSSROADS OF HISTORICAL AND ARCHAEOLOGICAL RESEARCH (BASED ON THE MATERIALS OF WESTERN KAZAKHSTAN)

Abstract. In the Early Iron Age, Western Kazakhstan was a major center of nomadic culture and an important migration corridor. Studying the history of the early inhabitants of this region based on written sources and archaeological data is a highly relevant issue. The main purpose of the article is to analyze the Early Iron Age of Western Kazakhstan based on written sources, as well as to generalize and systematize the information by comparing it with archaeological data. Research methods include traditional archaeology, historiography, and source study methods based on historical principles. The scientific novelty of the research lies in conducting a comparative analysis of the data left by ancient authors (Herodotus, Strabo, Ptolemy, Tacitus, Marcellinus) and archaeological, historiographical studies (K.F. Smirnov, D.A. Machinsky, A.S. Skripkin, A.S. Balakhvantsev, M.K. Kadyrbaev, G.A. Kushaev, etc.). In addition, the settlement areas and migration conditions of the early nomadic tribes in the territory of Western Kazakhstan were reviewed from a new perspective. The tasks of the article include determining the settlement territory of the Sauromatians and Issedones, examining the migration processes of the Dahae and Aorsi, and clarifying the formation of the Sarmatian tribal union. The research results, utilizing written, historical and archaeological sources, demonstrate that in the Early Iron Age, the steppes of Western Kazakhstan were not merely the habitat of a single tribe, but also served as a key territory for major migration processes directed to the south and west.

Acknowledgments: The article was carried out within the framework of the project of program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic «Early and medieval history and culture of the Turkic world based on new unique materials from the Vatican and Western European countries» (individual registration number: BR24993132-ОТ-24).

Keywords: Western Kazakhstan, Early Iron Age, Sarmatians, Dahae, written sources, ancient authors, historiography.

Сведения об авторах:

Турмахан Нурдаулет – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Байгунаков Досбол – д.и.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Тұрмахан Нұрдаулет – PhD студент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Байгунаков Досбол – т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

Information about authors:

Turmakhan Nurdaulet – PhD student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;

Baigunakov Dosbol – Doctor of historical sciences, Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

*Келін түсті 28 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 12 мамыр 2026 жыл*